

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**THE BULLETIN**

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

1 (395)

JANUARY-FEBRUARY 2022

---

---

ALMATY, NAS RK

---

---

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

**Бас редактор:**

**ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы** (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

**Редакция алқасы:**

**ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы** (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

**МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

**ЙОВИЦА Радуге Патетре**, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

**БАНАС Йозеф**, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Могила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

**МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

**ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

**ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

**БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы**, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

**СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы**, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы**, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

**ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

**БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы**, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы**, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

**НУРҚАТОВА Лязгат Төлегенқызы**, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ресей білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, педагогика кафедрасының меңгерушісі, К.Г. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және технологиялар факультетінің деканы (Мәскеу, Ресей) Н = 34

**ДЫБО Анна Владимировна**, филология ғылымдарының докторы, РҒА корреспондент-мүшесі, РҒА Тіл білімі институтының Орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі (Мәскеу, Ресей) Н = 3

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылманың тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

### Главный редактор:

**КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич** (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

### Редакционная коллегия:

**ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы** (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

**МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович**, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

**ЙОВИЦА Радуга Пэтрэ**, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

**БАНАС Йозеф**, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

**МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна**, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

**ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович**, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

**АБЖАНОВ Ханкелди Махматович**, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

**БИЖАНОВ Ахан Хусаинович**, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович**, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

**СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович**, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич**, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

**КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна**, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

**БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич**, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна**, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна**, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна**, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

**НУРКАТОВА Лязгат Толегеновна**, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, академик Российской академии образования (г. Москва), директор Центра развития педагогического образования (Алматы, Казахстан) Н = 1

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики, декан факультета Социально-гуманитарных наук и технологий Московского государственного университета технологий и управления имени К.Г. Разумовского (Москва, Россия) Н = 34

**ДЫБО Анна Владимировна**, доктор филологических наук, член-корреспондент РАН, заведующий отделом урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва, Россия) Н = 3

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

### Editor in chief

**KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich** (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

### Editorial board:

**OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly** (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

**MATYZHANOV Kenzhakhan Slyamzhanovich**, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SAPARBAYEV Abdizhappar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

**JOVICA Radu Petre**, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

**BANAS Joseph**, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

**LUKYANENKO Irina**, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

**MAKULOVA Aymzhan Tulegenovna**, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

**ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

**ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

**BIZHANOV Akhan Khusainovich**, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

**SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich**, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SABIKENOV Salakhiden Nursarievich**, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

**KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

**BAITANAEV Baurzhan Abishevich**, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna**, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SHAUKENOVA Zarema**, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna**, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

**NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna**, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, academician of the Russian Academy of Education (Moscow), Director of the Center for the Development of Pedagogical Education (Almaty, Kazakhstan) H = 1

**SHISHOV Sergey**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Dean of the Faculty of Social Sciences and Humanities and Technologies of the Razumovsky Moscow State University of Technologies and Management (Moscow, Russia) H = 34

**DYBO Anna Vladimirovna**, Doctor of Philology, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, Head of the Department of Ural-Altai Languages of the Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russia) H = 3

### Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>



**Б. Сатершинов<sup>1\*</sup>, А. Әбдіраманова<sup>2</sup>**

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан;  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.  
E-mail: bakhyt-zhan@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН: ОТАРЛАУ МЕН КЕҢЕСТЕНДІРУ САЯСАТЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

**Аннотация.** Қазақстанда бірнеше ғасыр бойы үстемдік еткен ресейлік отаршылдық жүйе мен кеңестік тоталитарлық режим қазақ халқының ұлттық болмысы мен санасы, тілі мен дәстүрлі мәдениетімен қатар, ұстанған дініне де орасан зор нұқсан келтірді. Өзіндік көшпелі өркениеттік дағдысы мен менталитеті болған қазақ қоғамын дәстүрлі діннен айыру патшалық Ресейде де, атеистік кеңес өкіметінде де мақсатты түрде жүргізілді. Қазақ жерін отарлауды көздеген Ресей империясы қазақ діні мен тіліне аса назар аудара отырып, діни сенімнің негізгі ұғымдары мен бағыттарын, қағидаларын бұрмалау арқылы ұлттың санасын бірте-бірте жаулап алудың маңыздылығын, оны миссионерлер арқылы жүзеге асырудың қажеттігін түсінді. Яғни, бұл мақаладағы біздің айтпағымыз, дәстүрлік қазақ қоғамы, басқа да шығыстық ұлт-ұлыстармен қатар, отаршылдық үрдістерді бастан кешірді. Патшалық Ресейдің өз империясында жүргізген отаршылдығы тұтастай алғанда батыс әлемінің отаршылдығының құрамдас бөлігі болды. Бұл үрдіс КСРО тұсындағы тоталитарлық қоғамда жалғасын тапты және бұл екі формациялық құбылыстар ресми теориялық тұрғыда бірін-бірі теріске шығарғанымен, артта қалған аймаққа қатысты олардың арасында астыртын сабақтастық болды. Кезінде патшалық биліктің бюрократиялық аппаратының шенеуніктері жүргізген номенклатуралық әдіс-тәсілді кейіннен большевиктер мен коммунистер одан ары тереңдете жалғастырды. Кеңестік бейімдеу немесе зорлықпен модернизациялау мәжбүрлеп отырықшыландыру, индустриалдандыру және мәдени төңкеріс жолымен жүрді. Әсіресе, сталиндік режиммен сипатталатын XX ғасырдың 20-30-жылдары мен 50-жылдарының бас кезіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарың қатарында дәстүрлі дін өкілдерінің саны көп болды. Тарихтан тағылым алып, бұл жасалған қиянатқа мемлекеттік деңгейде баға беріп, тарихи әділетті қалпына келтіру – бұл келер ұрпақ алдындағы орасан зор жауапкершіліктен туындайды.

**Түйінді сөздер:** атеизм, ақтау, дәстүрлі дін, идеология, қуғын-сүргін, отаршылдық, тарих.

**Б. Сатершинов<sup>1\*</sup>, А. Абдираманова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>Қызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан.

E-mail: bakhyt-zhan@mail.ru

## РЕЛИГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В ПОЛИТИКЕ КОЛОНИАЛИЗМА И СОВЕТИЗАЦИИ

**Аннотация.** За несколько веков господства российской колониальной системы и советского тоталитарного режима в Казахстане был нанесен огромный урон национальному самосознанию и быту, языку и самобытной культуре, а также традиционному религию казахского народа. И в царской России, и в советской атеистической власти целенаправленно велась политика искоренения традиционного вероисповедания казахского общества, имевшего своеобразную кочевую цивилизацию и ментальность. Российский царский империализм в целях постепенной колонизации казахских земель придавал

значение его вере и языку, размывая основные столпы и ритуальные практики религиозной традиции, пытался завладеть национальным самосознанием народа путем миссионерской деятельности. То есть, как в статье рассматривается, традиционное казахское общество, как и другие восточные сообщества, подвергалось колониальному гнету. В этом плане колонизаторские меры царской России, осуществляемые в своей империи, являются составной частью завоевательной экспансии западного мира в целом. Этот процесс нашел свое продолжение в тоталитарном обществе при СССР. Хотя эти две формационные явления официально и теоретически друг друга взаимоисключают, на деле в отношении отсталого региона негласно обнаруживают некоторую преемственность. Номенклатурные приемы, начатые чиновниками бюрократического аппарата царской власти, были углубленно продолжены большевиками коммунистической партии. Советская насильственная модернизация или адаптация проходила путем вынужденной коллективизации, индустриализации и культурной революцией. Особенно велика была потеря материальных и человеческих ресурсов во время сталинского режима в 20-, 30-е и начала 50-х годов XX столетия. Пострадали миллионы, в том числе религиозное духовенство. Извлечь урок из истории восстановления исторической справедливости-это ответственность и долг перед подрастающим поколением.

**Ключевые слова:** атеизм, идеология, история, колониализм, реабилитация, репрессия, традиционная религия.

**B. Satershinov<sup>1</sup>, A. Abdiramanova<sup>2</sup>**

Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of Ministry of Education and Science,  
Committee of Science, Almaty, Kazakhstan;  
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.  
E-mail: bakhyt-zhan@mail.ru

#### **RELIGION IN KAZAKHSTAN: CONTINUITY IN THE POLITICS OF COLONIALISM AND SOVIETIZATION**

**Abstract.** For several centuries of the domination of the Russian colonial system and the Soviet totalitarian regime in Kazakhstan, huge damage was done to the national identity and way of life, language and original culture, as well as the traditional religion of the Kazakh people. Both in tsarist Russia and in the Soviet atheistic government, a policy of eradication of the traditional religion of the Kazakh society, which had a peculiar nomadic civilization and mentality, was purposefully pursued. Russian tsarist imperialism tried to take possession of the national identity of the people through missionary activities in order to gradually colonize the Kazakh lands, attached importance to its faith and language, eroding the main pillars and ritual practices of the religious tradition. As the article discusses, the traditional Kazakh society, like other eastern communities, was subjected to colonial oppression. In this regard, the colonial actions carried out in their empire are an integral part of the aggressive expansion of the Western world as a whole. This process found its continuation in the totalitarian society under the USSR. Although these two formational phenomena are officially and theoretically mutually exclusive, in fact, in relation to the backward region, they secretly reveal some continuity. The nomenclature methods begun by the officials of the bureaucratic apparatus of the tsarist government were in depth continued by the Bolsheviks of the Communist Party. Soviet forced modernization or adaptation took place through forced collectivization, industrialization and cultural revolution. The loss of material and human resources was especially great during the Stalinist regime in the 20s, 30s and early 50s of the 20th century. Millions suffered, including religious clergy. Drawing a lesson from history, restoring historical justice it is a responsibility and duty to the younger generation.

**Key words:** Atheism, Ideology, History, Colonialism, Rehabilitation, Repression, Traditional Religion.

**Кіріспе.** Тоталитарлық мемлекеттен құқықтық мемлекетке өтудегі өте маңызды мәселелердің бірі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау болып табылады. Өйткені халықаралық деңгейде мойындалған адам мен азамат еркіндіктері мен құқықтары декларациясына сәйкес, мемлекет өз органдары мен лауазымды тұлғаларының қызмет барысында әр азаматқа қатысты заңсыз қимылмен келтірген залалы үшін жауапты болып, материалдық және моральдық құнын өтеуі тиіс. Ал кеңес дәуірінде «халық атынан» үкім шығарып, билік жүргізген коммунистік партиялық номенклатура миллиондаған жазықсыз адамдарды саяси және діни көзқарастары мен әлеуметтік және ұлттық тектеріне бола

қуғын-сүргін мен зобалаңға ұшыратқаны белгілі. 1920-30-жылдар мен 50-жылдардың басындағы қазақ қасіреті осының бір үлкен мысалы. Мұндай адами, ұлттық және әлеуметтік травмадан айығудың бір жолы – реабилитация немесе ақтау болып табылады.

Бұл құрбан болған адамдардың ұрпақтарының ғана немесе әдебиет пен өнер туындылары арқылы әлеуметтік жадыны жаңғыртуға тырысқан қоғамның ғана жұмысы емес. Бұл – тарихтан сабақ алу үшін, лайықты құқықтық және саяси бағасын беріп, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін ұрпақ алдындағы орасан зор жауапкершіліктен туындайтын мемлекеттік мәселе.

Тәуелсіздіктің тұғыры нық болып, болашаққа батыл қадам жасау үшін де ұлттың өткен тарихына деген аялы қатынас қажет. Бұл бағыттағы мемлекеттік іс-шаралар еліміз егемендік алған кезеңнен бері іске асырылып келеді. 1992-жылы Қазақстан Республикасы Жоғары кеңесінің жанында қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде комиссия құрылды. Оның жұмысының барысында Елбасы Н. Назарбаевтың қолымен 1993-жылдың 14-сәуірінде ҚР «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде» Заңы қабылданды. Жаппай репрессия орын алған сұрқия кезеңнен алпыс жыл өткен соң 1997 жыл «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланды. Тоталитарлық биліктің өктемдігі тұсында тауқыметті халқымыздың басына түскен орасан зор зұлматтың қанқұйлы қасіретінің енді қайталанбауын көзі тірі ұрпақ келер ұрпаққа аманат етіп тапсырды. Тоталитарлық өткеннің бұл тақсыретті тағылымы осыдан дұрыс қорытынды шығарып, ел дамуының өркениетті де ізетті үрдісін ұстануға, өшпенділік пен кекшілдіктен гөрі жарастық пен кешірімді ұстануға үндейді.

Одан кейінгі 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп жариялануы жоғарыда келтірілген саясаттың заңды жалғасы болды. Төл тарихты тану арқылы Қазақстан халықтарының береке-бірлігін, ынтымағы мен жарастығын, достастығы мен туыстастығын одан әрі нығайту мақсат етілді. Жетпіс жыл бойы халқымыздың өзіне лайық тарихы тұмшаланып айтылмай келген, айтылса да саясаттың ыңғайына қарай бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келгені белгілі. Сондықтан да тәуелсіздік тынысымен арқаланған халықтың өз тарихы мен тағдырына бет бұруы заңды құбылыс.

Қазақстанның қазіргі президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында сабақтастықты ұстанып, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Заңның жобасына 24-қараша күні қол қойып бекітті. Бұл құжат бойынша, мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси репрессия құрбандарын толығымен заңнамалық және саяси тұрғыда ақтау болып табылады. Комиссияны Қазақстанның мемлекеттік хатшысы басқарып, оның құрамына ғалымдар, мемлекеттік органдардың жетекшілері, Ұлттық және мемлекеттік мұрағат жетекшілері, қоғамдық ұйымдар өкілдері кірді. Жұмыс топтарына республикалық және жергілікті деңгейдегі сарапшылар тартылды. Президент Қ.К. Тоқаевтың ақтаудағы ақтандақтарды жойып, репрессия құрбандарын толық реабилитация жасау жөніндегі мемлекеттік комиссия құруы, Қазақстан тарихын еуроцентристік әдіс-тәсілдерден және коммунистік клишеден аулақ академиялық тұрғыда қайта жазуды тапсыруы билік пен халықтың қоғамдық санасындағы құлдық вирустан біртіндеп арылудың кезеңдерін байқатса керек.

**Ғылыми әдіс-тәсілдер мен материалдар.** Бұл мақалада авторлар Қазақстандағы ресейлік отаршылдық және кеңестік авторитарлық режимнің дәстүрлі дінге қарсы жүргізген технологиялық және репрессиялық шараларын және оның салдарларын сипаттауда, олардың астарлы саясаты мен идеологиясын айқындауда тарихи салыстырмалы зерттеулердің әдіснамалық қондырғыларын қолданады. Сондай-ақ, бастапқыда электоралды мінез-құлықты зерттеу үшін қолданылған «себеп шұңқыры» деп аталған мичигандық саясаттанулық әдіснамалық құралды қазақстандық қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени, рухани жаңғыру үдерістерінің себеп-салдарлық байланыстары мен өзара тәуелділік мәселелерін теориялық талдауда қолдануға болады [1, с. 178-186.].

**Отаршылдық құбылысы және орыстандыру мен шоқындыру амалдары.** Құлдық сана бұл – ұзақ уақыт отаршылдықтың қамытын кигеннен қалған дерт. Жергілікті халықты мәдениеті мен салт-дәстүрінен, тілі және дінінен айыру арқылы жүзеге асқан отаршылдықтың төркіні тарихтың тереңінде жатыр. XV ғасырдың соңынан бастап батыс еуропалықтар түземдіктерді қырғынға ұшыратып, Жаңа дүниені жаулап алса, XVI ғасырда Мәскеу патшалығы Алтын Орданың жұрнағы Қазан қаласы мен хандығын басып алды. Осылайша, Шығыстың күні батты да, Батыс дүниежүзілік отаршылдықты бастады. 1492-жылдан 1914-жылдар аралығында жер шарының 84% еуропалықтардың қол астында болды.



Қанаушы мемлекеттің отар елдерге ықпалын зерттеушілер әрқилы түсіндіреді. Мысалы, бір зерттеушілер бұл ықпалдардың қатарына ауру тарату, теңсіз қоғамдық қатынастарды орнықтыру, жергілікті халықтарды қанау, еуропалық емес этностарға қарты этноцид [2] жатқызса, екінші зерттеушілер отар елдерге метрополиядан медицинаның дамуы, жаңа әлеуметтік институттардың қалыптасуы, аболиционизм, инфоқұрылымның жетілуі және технологиялық прогресстің енгенін атап өтеді [3]. Демек колониализмнің өркениетті және тағылық түрлері болғанын байқаймыз [4].

Отаршылдық технологиялық тұрғыда әлсіз бөгде елді немесе халықты әскери, саяси және экономикалық тәсілдермен қанаушылықты көздеді. Отарлаушы елдер өз мүдделеріне сай, басып алған елді тереңірек зерттеу үшін осы аймақтың материалдық және адами ресурстарын анықтау, басып алынған территорияның өндіргіш күштерін зерттеу сияқты прагматикалық мақсаттарға сәйкес академиялық экспедициялар жіберіліп отырды. Саяси конъюнктуралық сипатқа ие шығыстанушылық немесе ориенталистік бұл академиялық материалдар түземдіктердің өмірінің барлық алуан қырын қамтығандықтан кешенді сипатқа ие болды. Колонияландыру барысында жергілікті тұрғындар мен аборигендерді шұрайлы жерлерден ығыстырумен қатар, олардың мәдениетін, тілі мен дінін, тіпті нәсілдік кемсітушілікке ұластырып, сегрегация, апартеид, геноцид құбылыстарын ұйымдастырды, олардың адами және азаматтық құқықтары аяққа тапталды.

Еуропа халықтарының басқа халықтардан батысеуропалық өркениеттің өзге мәдениеттерден үстемдігін ашық та астыртын жариялайтын еуроцентристік үрдіс пен идеология пайда болды. Оған өздерінше жоғары зияткерлік пен мәдениетке, кірпияз талғам мен әдепке ие деп саналатын қауымға соқыр еліктеумен сипатталатын снобизм қосылды.

Яғни, біздің айтпағымыз, өзіндік көшпелі өркениеттік дағдысы мен ұстанымы болған дәстүрлік қазақ қоғамы да, басқа да шығыстық ұлт-ұлыстармен қатар, осы үрдістерді бастан кешірді. Патшалық Ресейдің өз империясында жүргізген отаршылдығы да батыстық отаршылдықтың құрамдас бөлігі болды. Және де ол КСРО тұсындағы тоталитарлық қоғамда жалғасын тапты. Кезінде патшалық биліктің бюрократиялық аппаратының шенеуніктері жүргізген номенклатуралық әдіс-тәсілді кейіннен большевиктер мен коммунистер одан ары жалғастырды. Мұны көрнекті тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев өзінің «Қорғансыздың күнін кешкендер» [5, 304 б.] және «Қиянат анатомиясы» [6, 360 б.] еңбектерінде тарихи айғақтармен, архивтік құжаттармен тәптіштеп дәлелдеп жазған. Әсіресе, «Қиянат анатомиясы» деген атаудың өзі айтып тұрғандай, профессор Мәмбет Қойгелдиев аталмыш еңбегінде қазақ халқы үшін егемендік инстанциядағы дербес мемлекеттілікті ұлттық саяси тәуелсіздікпен байланыстырады, кеңестік өкіметтің өзегінде жатқан тап күресі теориясы дәстүрлі қазақ қоғамның ішкі әлеуметтік құрылымымен мүлдем сәйкес келмейтінін, Қазақ кеіестік республикасының аты қазақ болғанымен, заты бөтен, яғни билікті шын мәнінде коммунистік партия номенклатурасының эмиссарлары жүргізгенін атап өтіп, қазақ елі мен ұлтының XX ғасырдағы өткеніне қатысты маңызды теориялық тұжырымдар жасайды. Алаштық ұлт көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының «Біз, қазақтар Қазақ республикасы деген атауды малданып жүрміз, ал бұл Республиканың мазмұны біздікі емес қой, оның иесі де біз емеспіз» деген шынайы пікірін дәйектеп береді [6, 14-87 бб.]. Бұл теориялық алғышарттар кеңес дәуірінде орыс отаршылдығының кеңес дәуірінде одан ары жалғасқандығын меңзеп тұр. Алаш көсемдері мен М. Шоқай бастаған түркістаншылдықтар ұлттық негіздегі модернизация мен саяси тәуелсіздік міндетін шешудің аз-ақ алдында тұрды. Алайда, тарихи тағдыр басқа жолға бұрды, миллиондаған адамдардың өмірін ойран қылған мәжбүрлікпен, зорлықпен жүрген кеңестік модернизация қазақ халқын дәстүрлі тамырынан ажыратып жіберуге шақ қалды.

Отаршылдық пен кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамын дәстүрлі діннен айыруына келсек, бұл саясаттың мақсатты түрде жүргізілгенін және олардың арасындағы астыртын сабақтастықты аңғаруға болады. Қазақ жерін отарлауды көздеген Ресей империясы қазақ діні мен тіліне аса назар аудара отырып, діни сенімнің негізгі ұғымдары мен бағыттарын, қағидаларын бұрмалау арқылы ұлттың санасын бірте-бірте жаулап алудың маңыздылығын, миссионерлер арқылы жүзеге асырудың қажеттігін түсінді. Патша үкіметінің қазақ жеріндегі миссионерлік әрекеті орыстардың ішкерілей еніп, бекіністер, станицалар салынуы кезінен-ақ байқалды. Түрлі сый-сияпатпен жергілікті халықтың әбден сеніміне енген шенеуніктер қазақ халқының сенгіш, көмбіс екендігіне, айла-тәсілмен ұстауға болатындықтарына көздері жетіп, бұл әрекеттерін жалғастыра берді.

Жалпы мұсылмандарды орыстандыру, шоқындыру саясаты XVIII ғасырдың басынан басталды. 1731 жылы Сенаттың қасынан «Шоқындыру кеңсесі» құрылып, Қазан қаласында руханият академиясы ашылып, сенімді өкілдерін даярлау ісіне белсене кірісті. Сөйтіп, қазақ жерінде миссионерлік саясатты бастамас бұрын олар бұратана қатарындағы татар, ноғай, башқұрт сияқты халықтардың шоқындырумен

өздеріне аса сенімді, айтқанына көнетін, айдауына жүретін өкілдер даярлай бастады. Православие дініне көшуге көнбеген немесе бас тартқандарды жазалау қолға алынды. Жалпы миссионерлердің миссиясының басты мақсаты шоқынған бұратаналарды бұрыннан бойларында қалыптасып қалған адасулықтан, соқыр нанымнан, ырымшылдықтан тазарту, тәрбиелеу болды. Бұл саясат бастапқы кезде кедергілерге тап болды. Мұсылман татарлар арасында христиан дінін қабылдамақ түгіл, насихаттауға қарсы шығушылар қатары көбейе түсті. 1742 жылы қарашада патшайым Елизавета Петровнаның бұйрығымен Қазан қаласы мен татар, башқұрт халықтары мекендеген аймақтардағы мешіттер өртелініп, күштеу арқылы мәжбүрлеп олар шоқындырыла бастаса, II Екатерина тұсында, яғни XVIII ғасырдың екінші жартысында шоқынудан бас тартқандарды күшпен солдатқа алу немесе салық мөлшерін көбейтумен жазалады. Миссионерлік саясаттың мәнісі біріншіден, мұсылман немесе бұратана халықтарды дінінен дәстүрінен, мәдениетінен айыру болса, екіншіден, тілі жақын, салт-дәстүрі ұқсас мұсылман ұлттарының арасына оларды жіберу арқылы сенімдеріне әбден еніп барып ғана православиені насихаттауға мүмкін болды. XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Ресей империясының миссионерлік саясаты қазақ жерінде кең құлаш жайды. Миссионерлік саясаттың көздегені тұрғылықты халық арасында олардың діндерін ығыстыру арқылы христиан дінін енгізу, осы дінге деген сенімділікті арттыру үшін халықтың әдеби шығармаларына, мәдени құндылықтарына христиандық элементтерді енгізуді басты мақсат тұтты. Алайда XX ғасырдың екінші онжылдығында Ресейде адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған әлеуметтік-саяси сілкіністер орын алды. 1917-жылдың қазан айындағы төңкерістің барысында билікке пролетариат диктатурасын орнатуды көздеген большевиктер партиясы саяси билікке келді.

**Кеңес өкіметінің дінге қатысты саясаты мен идеологиясы және оның репрессивті сипаты.** Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының кеңесін жоғары билік ретінде желеу еткен большевиктер өкімет басына келісімен ескі патшалық тәртіптерді, сонымен қатар дәстүрлі діни институттарды түбегейлі жоюды қолға алды. Бұрынғы Ресей империясындағы бұратана халықтарға қатысты большевиктер мен коммунистердің жүргізген саясаты мен оның іске асырылуындағы әдіс-тәсілдердің сипатына көз жүгіртсек, одан отаршылдық қанаушылықтың жымысқы жолмен жалғаса түскенін байқаймыз.

Мемлекеттік саясат қай салада жүргізілмесін, ол өзінің жалпы көрінісінде әртүрлі деңгейлердегі билік органдарының өз әрекеттерінде жүгінетін негізгі бағдарын білдіреді. Баршаға белгілі бұрынғы Кеңестер Одағы құрылымы жағынан федеративті болды, оның құрамында формальды түрде болса да одақтас және автономиялы республикалар болды. Сол себепті онда мемлекеттік биліктің екі деңгейі мен жергілікті билік деңгейі болды. Дін саласындағы мемлекеттік саясат та осы сатылық деңгейге бағынды. Мемлекеттік саясат реттелген қалыпқа келу үшін ең алдымен нормативтік-құқықтық актілерге сүйенеді және осы актілердің практикадағы амалдары арқылы жүзеге асырылады. Яғни, бұл жоғары мемлекеттік актілермен қатар, жергілікті жерлерде билеуші партияның протоколдары мен директиваларын, атқарушы және арнаулы билік өкілдерінің циркулярлары мен ориентировкаларын, нұсқаулықтары мен тапсырмаларын білдіреді. Қазақстандағы дін саласына қатысты жүргізілген шаралардың бірсыпырасы 1990-жылы архив құжаттарының жинағы түрінде шыққан «Исламның діни ықпалын игеру» атты кітапта жарияланған [7].

Дәстүрлі дін өкілдерін қуғындаудың саяси, заңнамалық және идеологиялық негіздерін бұрынғы КСРО мен Қазақстанның жоғарғы мемлекеттік актілері, шешімдері, бұйрықтары, нұсқаулықтары, жазалаушы органдардың (ВЧК, ОГПУ, НКВД, МВД, МГБ, КГБ, прокуратура мен сот органдары, олардың Қазақстандағы құрылымдық бөлімдерінің) мәліметтері мен есептері, сондай-ақ арнайы ұйымдастырылған науқандар (мысалы, Қазақстанда «сопы операциясы» немесе «ишандар ісі», «Құран тізбегі», «Еділ-Жайық» операциялары) арқылы, арнайы құрылған «Құдайсыздар қоғамы», «Қосшы», «Қызыл отау» ұйымдарының, «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі» басылымдарының жүргізген барынша белсенді үгіт-насихат жұмыстары және т.б. арқылы айқындауға болады.

Кеңес дәуіріндегі, әсіресе сталиндік режим кезеңіндегі дін қызметіне шектеу қою, діни жиналыстар мен мерекелер өткізуге тыйым салу, діни мектептерді жабу, барлық шіркеулер мен мешіттерді мемлекет меншігіне өткізу, ғылыми атеизмді насихаттау, дін қызметкерлерін, молдалар мен ишандарды, тіпті олардың отбасы мүшелерін сайлау құқығынан айырып («лишенцы»), оларға қысым көрсетумен сипатталатын кеңестік дінге қарсы саясат пен репрессиялық шараларды ғылыми, әдіснамалық, нормативтік-құқықтық, архивтік, естеліктік дереккөздер арқылы қарастыруға болады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұрынғы діни оқу орындары жабылып, оның орнына кеңестік жаңа

мектептер салу ісін қолға алынып, 1918 жылдың 20 қаңтарынан бастап РКФСР Халық Комиссарлар кеңесінің барлық діни кеңшілікке тыйым салған қаулысы жарық көрді. Қаулы бойынша шіркеулер мемлекеттен ажыратылды. 1919 ж. 26 қаңтарда В.И. Лениннің қол қоюымен сауатсыздықты жою туралы декрет қабылданып, республикалардың 8 бен 50 жас аралығындағы оқи және жаза білмейтін барлық азаматтары ана тілінде немесе қалауынша орыс тілінде сауатын ашуға ерікті болды. Діни мектептердің барлығын жауып, оның орнына жаңа түрдегі еңбек мектептерді ашу қолға алына бастады [8, 118-б.].

1920-жылдардың басында дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстары ақырындап жүргізіле бастады. 1920 жылдың 28-30 шілдеде өткен III Жетісу облыстық съезінде Түркістандағы кеңестік құрылыстың жүргізуде ұлттық, діни және тұрмыстық ырымдардың тежеуіш болып отырғандығы айтылып, компартияның алдында соқыр нанымдарды жою жөніндегі кезекті бір міндеті қойылды [9, 38-б.].

